

9. Vallionatos S. *Arabskoe grazhdanskoe obshchestvo na pereput'e demokratizacii: vliyanie arabskoj vesny*. URL: [https://www.khas.edu.tr/cms/cies/dosyalar/files/NeighbourhoodPolicyPaper\(10\)RussianVersion.pdf](https://www.khas.edu.tr/cms/cies/dosyalar/files/NeighbourhoodPolicyPaper(10)RussianVersion.pdf)
10. Hawthorne A. *Middle Eastern Democracy. Is Civil Society the Answer?*. – Washington: Carnegie Endowment for International Peace, Carnegie Papers Middle East Series. 2004. № 44. R. 12-24
11. Truevcev K.M. *Arabskij mir v XX veke: razvitie nacional'noj idei. Politiya*. 2003. № 3. S. 104-117.
12. Ba Alavi M.M. *Rol' sovremennyh media i ih vliyanie na revolyucionnyj process «Arabskoj Vesny» // Sovremennye issledovaniya social'nyh problem: elektronnyj nauchnyj zhurnal. g. Krasnoyarsk № 8 (40), 2014. – S. 22-29.*
13. Truevcev K.M. *Arabskij mir v XX veke: razvitie nacional'noj idei. Politiya*. 2003. № 3. S. 104-117.
14. Ba Alavi Murad Mohammed Salem. *Institucional'nye i sociokul'turnye faktory transformacii politicheskikh rezhimov v arabskih stranah v nachale XXI v. (na primere respubliki jemen): aref. dis. k.pol. nauk ; special'nost' 23.00.02 – Moskva, 2017. 24 s*

МРНТИ 04.61

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-8940.41>

Қ. Е. Тауенов¹, Т. Т. Еспенова²

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

²Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

ЕГДЕ ЖАСТАҒЫ АДАМДАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУІНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

Андатпа

Мақала «қарт адамдардың» қазіргі заман жағдайына бейімделу мәселесіне, олардың қарттар үйіндегі тұрмысқа бейімделуіне арналған ғылыми еңбектерді талдауға, сондай-ақ бейімделу уақыты мен бейімделуден кейінгі кезеңді қамтитын бірнеше деңгейден тұратын табысты бейімделу критерийлерін қарастыруға арналған. Шетелдік, кеңестік және отандық ғылыми еңбектерде қарт адамдардың қарттар үйіндегі хал-жағдайын, бейімделудегі қиыншылықтарын, оған әсер етуші факторларды зерделеудегі түйін мәселесі ретінде қарттардың қазіргі заман жағдайына бейімделу мәселесін шешуден бастау алады. Себебі, посткеңестік кеңістікте өмір сүріп жатқан бұрынғы одақ мемлекеттерінде орын алған күрделі саяси, экономикалық бетбұрыс қарастырылып отырған мәселенің қайнар көзі болып табылады. Сондықтан, қарт адамдардың өзгермелі қоғамдағы жаңа жағдайға адаптациялануын зерделеу алдағы 30-жылда ең өзекті тақырыптар мәселелер қатарында.

Түйін сөздер: қарт адамдар, әлеуметтік бейімделу, қарттар үйі, «Белсенді ұзақ өмір».

К. Е. Тауенов¹, Т. Т. Еспенова²

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai

²Kazakh National Academy of Arts named after T.K. Zhurgenov

METHODOLOGICAL APPROACHES TO ADAPTATION OF OLDER PEOPLE

Abstract

The article is devoted to the analysis of scientific works devoted to the adaptation of older people to modern reality, their adaptation in nursing homes, as well as the consideration of criteria for successful adaptation consisting of several stages including the time of adaptation and post-adaptation period. In the scientific works of foreign, Soviet and domestic scientists, the key problem of studying the condition of elderly people in nursing homes, difficulties of adaptation, factors affecting adaptation, is to solve the problem of adaptation of older people to modern conditions. The complex political and economic change that occurred in the former Soviet Union countries living in the post-Soviet space is the source of the problem under consideration. Therefore, studying the adaptation of older people to the new situation in a changing society in the next 30 years is one of the most pressing issues.

Keywords: elderly people, social adaptation, nursing home, "Active longevity".

К. Е. Тауенов¹, Т. Т. Еспенова²

¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая

²Казахская Национальная академия искусств им. Т.К.Жургенова

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К АДАПТАЦИИ ПОЖИЛЫХ ЛЮДЕЙ

Аннотация

Статья посвящена анализу научных трудов посвященных адаптации пожилых людей к современной действительности, их адаптации в домах престарелых, а также рассмотрению критериев успешной адаптации состоящей из нескольких этапов включающий время адаптации и постадаптационный период. В научных трудах зарубежных, советских и отечественных ученых ключевой проблемой изучения состояния пожилых людей в домах престарелых, трудностей адаптации, факторов влияющих на адаптацию, заключается в решении проблемы адаптации пожилых людей к современным условиям. Сложный политический, экономический перелом произошедший в странах бывшего Союза живущих на постсоветском пространстве является источником рассматриваемой проблемы. Поэтому изучение адаптации пожилых людей к новой ситуации в изменяющемся обществе в ближайшие 30 лет является одним из самых актуальных вопросов.

Ключевые слова: пожилые люди, социальная адаптация, дом престарелых, «Активное долголетие».

Кіріспе

XX ғасырда адамның өмір сүру ұзақтығы бұрын-соңды болмаған межеге жетті. 2019 жылы БҰҰ-ның халықты қоныстандыру саласындағы қорының (ЮНФПА) болжамына сәйкес Қазақстанның алдағы 30 жылында халықтың жас құрылымының өзгеруінің негізгі бағыттарының бірі егде жастағы адамдардың абсолюттік және салыстырмалы санының артуы немесе басқаша айтқанда, демографиялық картаю орын алады.

Алдағы, отыз жылда қарт адамдардың саны едәуір артады. Әсіресе, ол алдағы он жылда тез өсіп, орта есеппен 4-5 % құрайды. Болжамның ең орташа деген нұсқасының негізінде 65 жастан асқан адамдардың саны 2050 жылға қарай 2019 жылмен салыстырғанда 2 есеге артады. Егер 2019 жылы оның көрсеткіші 1,4 млн. болса, 2050 жылы 3,4 млн. адамға дейін жетеді (7,5 %-дан 14 %-ға дейін).

Қарт әйелдердің пайыздық үлесі қарт ерлердің пайыздық үлесінен әлдеқайда басым және үлкен жастағы топтарда бұл үрдіс неғұрлым айқын болып келеді. Еуропалық Одақ елдерінде 65 жастан асқан 10 әйелге 6 ер адамнан келеді, ал өмір ұзақтығының айырмашылығы 7,5 жылды құрайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша 60 жастан 74-ке дейін бұл қарт адамдар, 75-тен 89-ға дейін кәрі адамдар, ал 90-нан жоғары жасты алқымдаған адамдар ұзақ өмір сүрушілердің қатарына жатқызылды.

Физиологтар болса ол бөлініске мүлдем басқаша көзқараспен қарайды. Олардың құрылымында 60 пен 64 жас аралығындағы адамдар – жас қарттар, 65 пен 74 жас аралығындағылар орта жастағы қарттар, 74 жастан асқан адамдар қариялар деп танылады.

Әлеуметтік сала мамандары болса келесі жіктемені ұсынады:

- қарт адамдар (61-74 жас);
- кәрілік жас (75-90 жас);
- ұзақ өмір сүрушілер (90-нан жоғары).

2019 жылғы мәліметтер бойынша, қазақстандықтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 73,15 жасты құрайды..... Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес, республикада туу кезіндегі өмір сүру ұзақтығы 75 жасқа дейін ұлғаяды, ал халықтың саны 19, 83 миллион адамды құрайды.....2020 жылғы 01 мамырдағы жағдай бойынша зейнеткерлер саны 2 млн. 225 мың адамды немесе елдің жалпы халқының 11,9 %-н құрайды [1].

Қарқынды өзгеріп жатқан геронтологиялық жағдай қарт қоғамның өмір бағытының өзгеруін, сондай-ақ қарт адамдардың мүмкіндіктерін қайта ойластыру, олардың зияткерлік және рухани әлеуетін дұрыс пайдалануға жағдай жасау қажеттігін болжайды. Қазақстан халқының қартаюы – бұл моральдық жағынан да маңызға толы әлеуметтік-демографиялық мәселе.

Азия аймағы мемлекеттерінің ішінде өз халқының қарт бөлігіне ерекше құрметпен қарайтын мемлекеттер қатарында болған Қазақстан, бүгінгі таңда жаңа экономикалық және геосаяси жағдайдың ықпалымен қарта адамдарға теріс көзқараспен қарайтын мемлекеттер қатарына қосылуда. Қарттар үйінің санының артуы, оның экономикалық кәсіпкерліктің бір саласына айналуы, отбасында бала туудың сол экономикалық хал-ахуалға байланысты кемуі осыған эмпирикалық зерттеулерсіз-ақ дәлел.

Қарт жасқа деген қарым-қатынас стереотиптері көптеген факторларға байланысты. Оның ішінде қоғамның дамуының мәдени-тарихи ерекшеліктеріне, яғни қарттыққа қарым-қатынастың ұлттық дәстүріне негізделген. Егер шығыс елдерінде қарт адамдар отбасындағы, қоғамдағы, мемлекеттегі маңызды шешімдерді қабылдауда беделді орын алса, батыс елдерінде кәрілік жиі теріс қабылданады және егде жасындағы адамдарды қоғамның, мемлекеттің өміріне қатысудан айырып, әлеуметтік өмірден шектетеді. Қоғамның барлық салаларына еніп жатқан батыстық мәдениеттің бұл көрсеткіші де қазақстандық қоғамда берік ұстанатын қағидаға айналууда. Сондықтан, қарт адамдардың өзгермелі қоғамдағы жаңа жағдайға адаптациялануын зерделеу алдағы 30-жылда ең өзекті тақырыптар мәселелер қатарында.

Негізгі бөлім

Әлемде жүргізіліп жатқан психологиялық зерттеулер қарт адамдардың көпшілігінің зейнет жасына жеткен шағында жұмысқа қабілеттілікті, құзіреттілікті, зияткерлікті сақтайтынын көрсетеді. Ал, осы зейнет жасында тағдырдың тәлкегінен қарттар үйінің тұрақты тұрғыны молуға мәжбүр болған қарттар қоғамға қажетсіз күй кешіп, депрессияға ұшырайды. Әрине, бұл мәселе елімізде шегінен шыққан мәселелер қатарына жатқызылмаған, соған қарамастан мемлекет кез-келген жағдайда егде жастағы тұрғындардың шығармашылық белсенділігін, оның денсаулығы мен ұзақ өмір сүру мәселесі туралы мұқият ойлануы керек. Бұл адамдардың, оның ішінде медициналық-әлеуметтік мекемелердегі қарттардың Қазақстан Республикасындағы экономикалық-әлеуметтік жағдайға бейімделуі сияқты маңызды проблемасымен байланысты. Бірақ, ең алдымен біз бейімделу мәселесін, оның ішінде қарттар үйіндегі тұрмысқа бейімделу туралы түсінігімізді теориялық тұрғыда кеңейтуіміз қажет.

«Бейімделу» ұғымына көптеген ғылыми зерттеулер арналған. Ол әлеуметтану ғылымы бойынша жарық көрген заманауи әдебиеттерде кеңінен қолданылады, сондай-ақ әртүрлі әлеуметтік факторлардың өлшемі және бағалаушы құралы, көрсеткіші ретінде қолданылады.

Бейімделу теориясының түбегейлі мәселесі – бұл оның мәнін, себептерін анықтау[2].

Қарт адамдардың өміріндегі елеулі сәттердің бірі олардың мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың асырауына көшуі. Қарттардың мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемеге тұрақты орналасуының түрлі себептері бар. Олардың қатарында: күтімге көмекті қажет ететін күрделі аурулар, физикалық әлсіздік, болашақта орын алуы мүмкін дәріменсіздік алдындағы қорқыныш, өзіне-өзі қызмет көрсету қиындықтары. Одан басқа ең көп таралған себептердің бірін айтпай өтуге болмайды, ол әрине –туған-туыстарымен қақтығыс. Өкінішке орай, шын мәнінде егде жасындағы адамдардың отбасы мүшелерімен өзара қарым-қатынасы экономикалық, адамгершілік, психологиялық жағынан күрделі сипатқа ие. Бейімделудің ғылыми теориясының негізі – биологиядағы екі қарама-қарсы бағыт ұстанған ғалымдармен және олардың ізбасарларымен қаланды. Оның бірі табиғатты қоршаған ортаның қатаң детерминизмінің нәтижесі ретінде қарастырған бағыт (Ж.Б. Лемарк) және екіншісі оны табиғи іріктеумен негізделген статикалық заңдылық ретінде түсіндірген бағыт (Ч. Дарвин) [3; 112 б.].

Қарттар үйінде тұратын егде жасындағы адамның әлеуметтік бейімделуі – көптеген соматикалық патологиялар мен стресстік жағдайларға тап болған тұлғаның өмір сүрудің жаңа жағдайларына бейімделуінің күрделі үдерісі. Қартайған жаста әлеуметтік-психологиялық бейімделу әдетте, мазасыздық пен үрейге толы сезімдер туғызады. Басты мәселе адам өмірінің барлық салаларындағы өзгеріс болып табылады. Қарттар үйіне алғаш келген зейнеткерлер күрделі өзгерістерді бастан кешеді. Оның ішінде түсініксіз әлеуметтік жағдай, бөтен адамдар, жаңа орта және т.с.с. Сондай-ақ көптеген қарт адамдар жаңа күн тәртібіне үйрене алмай, ескі дағдыларымен қоштасқысы келмейді. Қарт адамдармен бейімделу мәселесі төңірегіндегі басты мәселелер қатарында осы адамның өткен өмір салтын сақтауға тырысу болу қажет. Бұл қарттар үйіндегі бейімделу үдерісін әлдеқайда жеңілдетеді.

В.П. Войтенконың зерттеулерінде интернат-үйінде тұрып жатқан қарта адамдардың 43,5%-нда әлеуметтік бейімсіздік белгілері байқалғандығы анықталды. Ғалымдар уақыт критерийлеріне

негізделген бейімделу деңгейлерін анықтап, оған мынадай баға береді: интернат-үйінде біржарым ай ішінде бейімделсе – «жақсы» деген баға берілді. Егер де 4 айдан жоғары уақыт өтсе – «қанағаттанарлық», ал 1 жылдан артық уақыт бейімделуге кетсе – «жаман» деген баға берілді. Бұл ретте бейімделудің табыстылығы мен денсаулық жағдайы, психологиялық жағдай, жеке тұлғалық ерекшелік, белсенділік деңгейі арасындағы байланыс анықталмады [4; 835 б.].

Посткеңестік және батыстық зерттеулерді салыстыра келе мынадай қызықты мәліметтер анықталды. Шетелдік әріптестердің мәліметтеріне сәйкес, қарт адамдардың медициналық-әлеуметтік мекемелердегі бейімделуінің оңтайлы деңгейі тек тоғыз жылдан кейін орын алады. Екі жыл мен сегіз жыл аралығындағы кезең қанағаттанудың ең аз деңгейіне жету кезеңі ретінде қарастырылады. Батыс елдеріндегі қарттарға арналған мекемелерде бейімделу үрдісінің екі кезеңі айқындалып, біріншісі – бейімделу кезеңі деп аталса, екіншісі бейімделуден кейінгі кезең деп танылған. Қарттар үйіне алғаш түскен адамдарды зерттеу шеңберіне қосқан кезде міндетті түрде олардың осы жерге келуінің себептері сұралады. Яғни, бұл адамның дербес тандауы болды ма, әлде басқа адамдар немесе жағдайлар мәжбүрледі ме.

Бұрынғы кеңес одағы құрамында өмір сүрген мемлекеттерде қарттар үйіндегі тұрғындардың бейімделу үдерісін зерттеу әдіснамасы бірінғай болғандықтан, бір мысал шеңберінде осы бейімделу үдерісінің тәжірибелік негіздегі уақыт шеңбері аясындағы критерийлері төмендегідей. Бейімделу үдерісі қатаң психологтың бақылауымен жүзеге асырылып, кезең-кезеңдерге бөлінген. Бірінші кезеңде психологиялық бейімделуге көңіл бөлініп, ол 14 күн уақытқа созылады. Осы уақыт ішінде қарт адамдар қарттар үйіндегі өмірмен танысып, күн тәртібіне үйренеді. Екінші кезеңде – әлеуметтік бейімделуге басты назар аударылып, оның ұзақтығы 2-6 айға созылады. Бұл кезеңдегі басты мақсат егде адамға жайлы жағдай жасап, оның бос уақытын ұйымдастыру. Үшінші кезеңде ұжымға үйрену үдерісі орын алады. Бұл ең ұзақ кезең және 6 айдан астам уақытқа созылады. Қарттар үйінің осы кезеңдегі міндеті қарт адамның біртіндеп ұжымға үйрену үдерісін қолға алу.

Қарт адамдардың бейімделуін қарастыру үшін әдіснамалық негізі ретінде П.С. Кузнецов қарастырған бейімделудің негізгі әлеуметтік тәсілдемелерін алуға болады [5].

Ең алдымен ол бейімделуді гомеостаз ретінде қарастырады. Бейімделу деп индивид пен қоршаған ортаның арасындағы сыртқы және ішкі тепе-теңдік жағдайы (гомеостаз) ретінде түсініледі. Егде жасындағы адамдарға қатысты әлеуметтік гомеостазды қарт адамдар мен оларды қоршаған өмір сүру жағдайлары арасындағы сәйкестік деп түсіну қажет. Екіншіден, Кузнецов бейімделуді жаңа қоғамдық өмірге қослу ретінде қарастырады. Әлеуметтанулық тұрғыдан бейімделу адамның жаңа әлеуметтік қатынастар мен байланыстардың кейбір тұтас жүйесіне сіңісу үдерісі болып табылады. Бейімделу кезінде қарт адам өмірге құшталықты сезінуітіс, ал қоғам және мемлекет қарт адам үшін өзгерген өмірлік жағдайында оған барынша көмек көрсетуі тиіс.

2020 жылдың мамыр айында Қазақстан Республикасының Премьер-министрі қарт адамдардың жағдайын жақсартуға бағытталған оң қадам ретінде аға буын азаматтардың жағдайын жақсартуға бағытталған ұлттық жоспарды бекітуді ұсынды. Аға буын азаматтардың жағдайын жақсарту жөніндегі «Белсенді ұзақ өмір» 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарда келесі бағыттар қамтылған:

1. Денсаулық – салауатты өмір сүру ұзақтығын арттыру және қамқорлық пен күтімге мұқтаж барлық адамдар үшін медициналық және әлеуметтік қызметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету;
2. Қатысу – аға буын азаматтарының негізгі адам құқықтарына, қабілеттеріне, қажеттіліктері мен қалауына сәйкес әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани қызметке толыққанды қатысуына жәрдемдесу;
3. Қорғалу – адам құқықтары мен адамдардың әлеуметтік, қаржы салаларында қажеттіліктерін қамтамасыз ету, оға мұқтаж адамдарды қорғау, қадір-қасиетін сақтау және қамқорлық кепілдігін қамтамасыз ету [1].

Қорытынды

Қарттардың медициналық-әлеуметтік мекемелерде әлеуметтік бейімделу мәселесін өзара әрекеттестік ретінде қарастыру ХХ ғасырдың 80-ші жылдарындағы кеңестік әлеуметтанудағы ең танымал тәсіл болып табылады. Әр түрлі авторлардың көзқарастарын түйіндей отырып, кеңестік және отандық әлеуметтанудағы егде жасындағы адамның қарттар үйіндегі әлеуметтік бейімделуін анықтаудың

Отандық әлеуметтанудағы әлеуметтік бейімделудің заманауи дефиницияларының парадигмасын бойына сіңірген.

Біздің ойымызша, қарт адамдардың қарттар үйінде бейімделуінің нәтижесі ретінде олардың әлеуметтенуін қарастыруға болады. Ол әлеуметтік шығармашылықты да қамтуы тиіс. Қарт адамдардың әлеуметтік шығармашылығы деп біз әртүрлі нысандағы қарым-қатынасты түсінеміз. Олардың қатарында қарттардың қоғамдық-саяси өмірге араласуы, дене шынықтыру алаңдарында өз мүмкіндігінше жаттығулар жасау, әртүрлі клубтардың белсенді мүшесі болу, қоғамдық еңбекке араласу және т.с.с.

Осылайша, қорытындылай келе қарт адамдардың медициналық-әлеуметтік мекемелерде әлеуметтік бейімделу мәселесінің егде адамдар үшін де, қоғам үшін де өзекті екендігіне басты назар аударуымыз қажет. Теориялық тұрғыдан да тәжірибелік жағынан да қарт адамдардың табысты бейімделуіне бар мүмкіндіктері бар екендігіне қоғамның, мемлекеттік органның көзін жеткізу қажет. Егде адамдардың қарттар үйінде табысты бейімделуі мемлекеттік билік тарапынан қоғам өмірінің барлық салаларының неғұрлым тиімді жұмыс істеуіне ықпал ететін тәжірибелік міндет ретінде қарастыруы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасында аға буын азаматтардың жағдайын жақсарту жөніндегі «Белсенді ұзақ өмір» 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспар.*
2. *Корель Л.В. Социология адаптации: вопросы теории, методологии и методики. Новосибирск: Наука, 2005. 425 с.*
3. *Утеева Э.Н. Методологические подходы к адаптации пожилых людей. / Э.Н. Утеева. // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. Серия Социальные науки, 2008, № 1 (9), с. 111–117.*
4. *Щетинина, Е. В. Проблема адаптации пожилых людей, проживающих в домах-интернатах / Е. В. Щетинина. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2014. — № 6 (65). — С. 834-836. — URL: <https://moluch.ru/archive/65/10535/>*
5. *Кузнецов П.С. Концепция социальной адаптации. Саратов: Издательство Саратовского университета, 2000. С. 3–59.*

References:

1. *Qazaqstan Respublikasynda aqa buyn azamattardyn zhagdayyn zhaqsartu zhonindegi «Belsendi uzqk omir» 2025 zhylga dejingi ul'tyq zhospar.*
2. *Korel' L.V. Sociologiya adaptacii: voprosy teorii, metodologii i metodiki. Novosibirsk: Nauka, 2005. 425 s.*
3. *Uteeva E.N. Metodologicheskie podhody k adaptacii pozhilyh lyudej. / E.N. Uteeva. // Vestnik Nizhegorodskogo universiteta im. N.I. Lobachevskogo. Seriya Social'nye nauki, 2008, № 1 (9), s. 111–117.*
4. *SHCHetinina, E. V. Problema adaptacii pozhilyh lyudej, prozhivayushchih v domah-internatah / E. V. SHCHetinina. — Tekst : neposredstvennyj // Molodoj uchenyj. — 2014. — № 6 (65). — S. 834-836. — URL: <https://moluch.ru/archive/65/10535/>*
5. *Kuznecov P.S. Konceptiya social'noj adaptacii. Saratov: Izdatel'stvo Saratovskogo universiteta, 2000. S. 3–59.*

ОҚЫТУШЫЛАРҒА КӨМЕК В ПОМОЩЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЮ FOR THE AID TO THE TEACHER

МРНТИ 03.20

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-8940.42>

Р.Б. Абсаттаров¹, А.И Шалтыков²

*¹КазНПУ им.Абая,
г.Алматы, Казахстан,*

*² КазУМО и МЯ имени Абылай хана,
г.Алматы, Казахстан*

БОТАЙ: МЕСТО И РОЛЬ В МИРОВОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы места и роли Ботай в мировой цивилизации, которые еще недостаточно изучена в социально-политической науке. В статье более подробно рассматриваются кочевая цивилизация в великой степи Казахстана, места и роль, и влияние Ботайской культуры на мировое цивилизации. Впервые дикая лошадь была приручена на Ботайской земле. Ботай – величайшее культурное наследие исторического периода более 5 тысяч лет до нашей эры, откуда берет начала степная цивилизация. Казахи, по существу, являются основными наследниками Ботайской культуры, кочевой цивилизации, создавшей оптимальные механизмы приспособления к климату горной и степной местности Евразии. Вместе с тем, в статье уделено внимание и дискуссионным вопросам.

Ключевые слова: общество, государство, цивилизация, кочевая цивилизация, степная цивилизация, Ботайская культура, domestикация животных, человек, население, кочевники, этнос, хозяйство, жизнь, интеграция.

Р.Б. Әбсәттаров¹, Ә. Е. Шалтықов²

*¹Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қаласы, Қазақстан
²Абылайхан атындағы ҚХҚӘТУ,
Алматы қаласы, Қазақстан*

БОТАЙ: ӘЛЕМ ӨРКНИЕТІНДЕГІ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Аңдатпа

Мақалада әлеуметтік - саяси ғылымында әлем өркениеттегі Ботайдың әлі де терең зерттеле қоймаған орны мен рөлі мәселесі қарастырылады. Мақалада Ұлы даладағы Қазақстанның көшпелі өркениеттегі орны мен рөлі және әлемдік өркениетке Ботай мәдениетінің әсері қарастырылады. Алғаш рет жабайы жылқы Ботайда қолға үйретілген. Ботай далалық өркениеттің басы болатын біздің дәуірден бес мың жыл бұрын өмір сүрген тарихи дәуірдің ұлы мәдени мұрасы болып табылады. Шын мәнінде, қазақтар дала өркениетіндегі Ботай мәдениетінің негізгі мұрагері ретінде Евразияның таулы және далалық жеріндегі климатына сай өмір сүрген. Сонымен қатар мақалада дискуссиялық мәселелерге де көңіл бөлінген

Түйіні сөздер: қоғам, мемлекет, өркениет, дала өркениеті, көшпелі өркениет, Ботай мәдениеті, малдарды қолға үйрету, адам, тұрғындар, көшпелілер, этнос, шаруашылық, өмір, интеграция.